

Бекітемін: *Ақсау*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БІЛЕЙІК, АМАН - ЕСЕН ЖҮРЕЙІК!

Тәрбиеші :Аманжолова Г

Таушық 2025



Тақырыбы: «Жол ережесін білейік, аман - есен жүрейік!»

Мақсаты: Жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.

Балаларға жолда жүрудің тәртіп ережелерін қалыптастыру. Жол ережелерін сақтап жүруге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс:Бағдаршам. Жасыл сары, қызыл.

Балалар сары,жасыл,қызыл түсте киінеді.

Шаттық шеңбері:

Үлкенге де сіз

Кішіге де сіз

Құрметпен баршаға

Бас иесіз «біз»

Балалар қазір сендермен «Доп лақтыру ойынын ойнаймыз шарты мен кімге допты лақтырсам сол менің сұрақтарыма жауап береді» Ендеше бастайық.

- 1.Бір жылда неше мезгіл бар?
- 2.Қазір қай мезгіл?
- 3.Көктем мезгілінің айларын атап бер?
- 4.Қазір қай ай?

Жарайсындар ойын сендерге ұнады ма?

Балалар біз күнде таңертең қайда келеміз?

Балабақшаға немен келесіңдер?

Осы кезде топқа **Дымбілмес** кіреді.

-Кел төрлетіңдер қайдан келген балаларсындар? Біз жол белгілерімен танысып жатырмыз.

Менің атым Дымбілмес .Үнемі зуылдап жүремін, ал достарыма енді үйреткелі жүрмін.

— Дымбілмес бұл қалай болғаны? Сен балаларға жаман үлгі көрсеткеніңмен қоймай үйретуге де оқталып жүрсінба? Бұл іс - әрекетің дұрыс емес!

*Мына белгілер көшеде қаптап тұр. Мен оларды қайтем, мен оларсызда зуылдатамын.

Балалар, жолда жүру ережесін, белгілерді Дымбілмеске үйретейік. «Сақтансаң сақтаймын» деген сөз!

1. Ескерту белгісі!
2. Балалар өтетін жол!
3. Автобус аялдайтын орын!

4. Кіруге болмайды!
5. Жаяу жүргіншілерге жүруге болмайды!
6. Тоқтауға болмайды!
7. Тоқта! (стоп)



Дидактикалық ойын: «Бағдаршам көздері»

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін жетілдіріп, ой-өрісін дамыту. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты: Бағдаршам түстерін ретімен орналастыру, түстерін атап айту.



Қимылды ойын: «Реттеуші»

Ойын шарты: Бағдаршам бағдарына бағыну, жолақ жол мен жол белгілерін іс-жүзінде орындап көру.

Қорытынды:

— Бүгінгі ашық оқу-іс әрекетінде не жайында айттық?

*Көше қауіпсіздігі, жол ережесі, белгілер жайында.

— Бүгін бізге қонаққа кімдер келді?

- Дымбімес

— Бағдаршам түстері нені білдіреді?

*Қызыл көзі — Токта! — дейді.

*Сары көзі — Дайындал! — дейді.

*Жасыл көзі — Жүр! — дейді.

— Жаяу адамдардың өтетін жолындағы сызықты не дейді?

*Ақ жолақ немесе зебра.

Жарайсындар. Бүгінгі өткен оқу - іс әрекетін естеріңізден шығармаңыздар. Білмегендерге айта жүріңіздер.

Сау болыңыздар!

